

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 121 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 желтоқсанда № 9989 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 731 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.11.2015 № 731 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 160-бабының 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті (Аязбаев Н.А.)

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік органның интернет-ресурсында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Бірінші вице-министрі М.Ә. Құсайыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енізіледі.

Министр *Е. Досаев*  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
2014 жылғы 2 желтоқсандағы  
№ 121 бұйрығымен  
бекітілді

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің лимиттерін есептеу тетігін айқындау мақсатында 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасын Бюджет кодексінің 160-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік концессиялық міндеттемелер – жасалған концессия шарттары бойынша концедент белгілі бір күнге қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелерінің сомасы бойынша концеденттің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы;

2) мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің лимиттері – өтелмеген мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің жыл сайынғы төлемдерін ескере отырып, мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау бойынша лимиттер белгіленетін, тиісті қаржы жылына арналған мән.

## **2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау**

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимитпен шектеледі.

4. Тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері республикалық бюджеттің кірісін ескере отырып қалыптастырылады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің лимитін айқындауы кезінде ескерілетін және тиісті үшжылдық жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңның шеңберінде бекітуге енгізілетін шекті шектеу болып табылады.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері мынадай есептеуге сәйкес белгіленеді:

$$Scolgov \leq InRB * 0,20;$$

Тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау лимиті мынадай есептеуге сәйкес жүргізіледі:

$L_{mocolgov} \leq S_{colgov}$  - CLLG мұнда:

$InRB$  – республикалық бюджеттің кірісі;

$S_{colgov}$  – Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін қабылдау лимитінің және қабылданған және өтелмеген мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің сомасынан тұратын, тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері;

$L_{mocolgov}$  – тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін қабылдау лимиті;

CLLG – тиісті қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылданған және өтелмеген мемлекеттік концессиялық міндеттемелері.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимитін нақтылау тиісті қаржы жылының ішінде республикалық бюджетті нақтылау кезінде жүргізіледі.

### **3. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау**

7. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы тиісті жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің белгіленген лимитімен шектеледі.

8. Уәкілеттік органның келісімімен бюджеттік жоспарлау бойынша үш жылдық жоспарлау кезеңіне сай тиісті арналған жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері облыс бюджетінің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің кірісі ескеріле отырып қалыптастырылады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің лимитін айқындау кезінде ескерілетін және жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті қаржы жылына бекітуге енгізілетін шекті шектеу болып табылады.

9. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті салықтық және салықтық емес түсімдердің және бюджеттік алымдарды шегергенде трансферттерді есепке алмай негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің көлеміне сәйкес келетін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы орган бюджетінің кірістері (бұдан әрі – меншікті кіріс) негізге алына отырып, жергілікті атқарушы органдардың өз борыштарына дербес қызмет көрсету және өтеу мүмкіндігі ескеріле отырып қалыптастырылады.

10. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері мынадай есептеуге сәйкес белгіленеді:

$$S_{colLG} \leq InLB * 0,20$$

Тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау лимиті мынадай есептеуге сәйкес жүргізіледі:

$$L_{mocolLG} \leq S_{colLG} - LLG - CLLG, \text{ мұнда:}$$

$S_{colLG}$  – жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін қабылдау лимитінің және қабылданған және өтелмеген мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің сомасынан тұратын, тиісті қаржы жылына арналған жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері;

$L_{mocolLG}$  – тиісті қаржы жылына арналған жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін қабылдау лимиті;

$InLB$  – меншікті кірістердің көлемі;

$LLG$  – жергілікті атқарушы органның екінші деңгейдегі банктер мен басқа да кредиторлардың алдындағы міндеттемелері;

$CLLG$  – тиісті қаржы жылының басындағы жергілікті атқарушы органның қабылданған және өтелмеген мемлекеттік концессиялық міндеттемелері.

11. Қажет болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимитін нақтылау тиісті қаржы жылы ішінде облыстың бюджетін, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін нақтылау кезінде жүргізіледі.